

## Анықтама

3 караша күні №39"Қызылөзек"орта мектебінде оқушылардың күзгі демалыс уақытын тиімді ұйымдастыру, тапқырлыққа, ізденімпаздыққа жетелеу, ой - өрісін, тіл мәдениетіне деген сүйіспеншілігін арттыру. Оқушыларды елін, жерін, оның дәстүрін сыйлауға, халқымыздың болашағын гүлдендірер тәрбиелі, білімді болып өсуіне ықпал ету және тәрбиелеу.

Білімді, дарынды, озық болуға жетелеу және пәндерге деген қызығушылығын ояту мақсатында қазақ тілі мен әдебиеті пәндері бірлестігінің ұйымдастыруымен 5-7 сынып оқушылары арасында "ҚЫЗЫҚТЫ ҚАЗАҚ ТІЛІ ӘЛЕМІНДЕ" тақырыбында интеллектуалды сайыс өткізілді. Сайысқа қатысушылар

**1-кезең: Таныстыру (екі шумақтан аспауы керек)**

**2-кезең: «Тапқыр болсаң - тауып көр»** Әр топтың топ басшылары сыналады. Әр топтың топ басшысына 10 сұрақтан қойылады.

**3-кезең: Кім жылдам? (адасқан әріптер)** 4-кезең: (Ұяшықта жасырылған сұрақтарға жауап береді)

**5-кезең: Тұрақты тіркестің мағынасын ашу кезеңдері бойынша сайысқа түсті.**

Әр кезеңде қатысушылар қазақ тілі, қазақ әдебиеті пәндері бойынша, қазақ халқының салт-дәстүріне байланысты сұрақтарға жауап беріп, мақал-мәтелдердің жалғасын тапты.

Сайыс қорытындысы бойынша көп ұпайға ие болған "Достық" тобы 26 ұпаймен I орынды, 25 ұпаймен "Жұлдыз" тобы II орынды иеленді.

Сайыс соңында бірлестік жетекшісі Г.Сұлтанова бүгінгі сайыста белсенділік танытқан топтарға алғыс білдіріп, арнайы Дипломдармен марапаттады.



№39 «Қызылөзек» орта мектебі



**«Әр өлеңі – бір әлем»  
Мұғалімдер арасында сайыс**



# «Әр өлеңі – бір әлем»

## Мұғалімдер арасында сайыс

### 1-жүргізуші:

Болмаса егер ақиқаттан бөтені,  
Айтылған сөз арлы адамға жетеді.  
Туындысы дана менен дараның  
Жүректе екен жайғасатын мекені.

### 2-жүргізуші:

Жырыменен жүректерді тербеген,  
Жан жарасын талайлардың емдеген.  
Мөрі болған жиырмасыншы ғасырдың  
Мұқағали сынды акындар кемде кем.

1-жүргізуші: Ассалаумағалейкүм, қадірменді қауым!

2-жүргізуші: Армысыздар, қадірлі ұстаздар мен қымбатты оқушылар!

1-жүргізуші: «Барлығы да, Поэзия, сен үшін»,—деп әдебиет патшалығының ғажайып ханзадасы һәм бірегей сардары ретінде салтанат құрған Мұқағалидың күдіретті өлеңдері халқының жүрегінде. Шындығында, Мұқағали бойындағы тамаша талантын жұртына арнаған.

2-жүргізуші: Ендеше, бүгінгі кешіміз Хантәңірінің мұзбалағы, ақиық акын, тау тұлғалы талант, дарынды дарабоз, «Ғасыр акыны» атанған, миллион сырлы сезімнің иесі – Мұқағали Мақатаевқа арналады.

1-жүргізуші: Акынның туған күні- 9-ақпан. Бұл күн қай жерде болмасын жыл сайын ақпан айында тойлана беретіні хақ.

2-жүргізуші: Ендеше, акын шығармашылығына арналған «Әр өлеңі – бір әлем» атты әдеби-сазды кешке қош келдіңіздер!!!

2-жүргізуші: Абаймен үндес Мұқағалидай перзенті бар халық –шынымен бақытты халық. Иә, Мұқағали – ғажайып, ақиық, сыршыл, гуманист акын. Оны біреулер «көрінбейтін сикыр бояулардан, бізге естілмейтін құпия дауыстарға толы жұмбақ акын» десе,

1-жүргізуші: кейбіреуі:«Жоқ ол – кара өлеңнен каймақ қалқыған карапайым акын, өлеңін бәріне түсінікті тілде жеткізген таңғажайып акын» дейді. Өзінің 1834 өлеңімен миллиондаған, тіпті миллиардтаған жүректі жаулап алып, бірде жылатқан, бірде қуантқан Мұқағалиды акын емес деп көріңіз..!

### 1-жүргізуші:

Поэзия – сәулелі сезімнің сынғырлы үні, жүрек дүрсілі һәм қоңырауы. Ол жаңару мен түрленудің, нәр берудің құралы.  
Мұқағали:

Ақынмын деп мен қалай айта аламын,  
Халқымның өзі айтқанын қайталадым.  
...Күпі киген казактың қара өленін,  
Шекпен жауып өзіне қайтарамын,— десе,

2-жүргізуші: замандасы, әріптесі рухани достарының бірі – Жұмекен Нәжімедінов:

*Күпі киген ақынның*

*Костюмді ойы – тамаша,*


*Киіндірген Абай тек қара өлеңді жаңаша.*

*Қағып-сілкіп күпіні – шекпен алған сол ақын –*


*Шекпен киген кешегі Мұқағали болатын.* деп оны жылы қабылдайды, мойындайды.

Ендеше, Мұханның әлеміне тереңірек бойлап, оның сыршыл поэзиясының төркінін  
ұғудың сәтін әрі қарай жалғаймыз

## САНДАР СӨЙЛЕЙДІ



## БЕЙНЕ СҰРАҚ



## ӨЛЕҢІМ - ӨМІРІМ



ΔΥΤΙ

## ӘН - КӨҢІЛДІҢ АЖАРЫ







**«Ақбілек», «Бақытсыз Жамал»,  
«Шұғаның белгісі» романдарындағы  
қазақ әйелінің тағдыры**

*Оқырмандар конференциясы*

# «Ақбілек», «Бақытсыз Жамал», «Шұғаның белгісі» романдарындағы қазақ әйелінің тағдыры

## Оқырмандар конференциясы

### Мақсаты:

- Қазақ жазушылары Жүсіпбек Аймауытов, Бейімбет Майлин, Міржақып Дулатұлының шығармашылықтарымен таныстыра отырып, оқушылардың кітап оқуға деген қызығушылықтарын дамыту.
- Оқушылардың тіл байлығын, сөйлеу мәдениетін қалыптастыру;
- Өз бойына жақсы оқырман тәжірибесін жинақтауға ынталандыру;
- Өз пікірлерін айтуға дағдыландыру, ойлау, жүйелі салыстыру қабілеттерін жетілдіру;
- Көркем шығарманың тәрбиелік мәнін жеке өмірінде қолдануға бағыт беру.

**Жүргізуші:** Армысыздар, кымбатты достар! Қайырлы күн, сөз өнерін құрметтеуші қауым!

Әдебиет-халықтың рухани байлығы. Қазақ халқы – өзге ұлттар сияқты атам заманнан қорланып, сұрыптала сұлуланып, жинала сақталып, бүгінгі күнге дейін жеткен көл-көсір фольклоры поэзисы, прозасы бар халық.

Қазақ әдебиеті-халқымыздың рухани мұрасы, асыл казынасы. Әдебиетіміздің жаухарлары болып саналатын барлық дерлік шығармаларда қазақ қыздарының бақытсыздығын байқай аламыз. Қазақ әдебиетінің асыл, құнды деген шығармаларында әйел теңсіздігі белең алған. Сол заманның адамдары үшін қыз баланың рөлі төмен болғаны ма? Ерте замандағы қыз баланың қоғамдағы орнына тоқталайық. "Бақытсыз Жамал", "Шұғаның белгісі", "Қамар Сұлу" сынды шығармаларда қазақ қыздарының бақытты өмір сүргенін көрмедік. Тіпті қыздардың жолы болып, өзі қалаған жанға тұрмысқа шыққаны жайлы шығармалар жоқтың қасы. Барлық шығарманың сюжеті, желісі бір. Әрине ол -әйел теңсіздігі. Қазақ қыздарының сауат ашпауы "Оқыған қыз бұзылады" деген стереотиппен өмір сүру, қыздың ойымен санаспау, қалың малға айырбастау. Мұның бәрі қазақ тарихында болған оқиғалар.

Қадірменді ұстаздар, қадірменді тыңдаушылар!

Ұлы жазушы Мұхтар Әуезов «Ел боламын десен бесігіңді түзе» дегендей, ұрпақ тәрбиесі бесіктен басталатыны баршамызға аян. Ал, бала тәрбиесі ең әуелі ата – анадан, мектеп қабырғасынан басталса, тәрбиенің бәрін олар кітаптан алатыны анық.



Бүгінгі конференциясымыздың арқауы халқымыздың өткен тарихынан сыр шертетін, казак ұлтының өткен ғасырлардағы тұрмыс-тіршілігінен, қыз баланың қоғамдағы орнына хабар беретін «Ақбілек», «Бақытсыз Жамал», «Шұғаның белгісі» романдарындағы казак әйелінің тағдыры тақырыбы бойынша оқырмандар конференциясын ашық деп жариялаймыз.

Әйел – көктем, әйел – гүл, әйел – әдеміліктің символы! Әйелдер мерекесін көктемнің алғашқы айында атап өтетіні бекер емес. Көктем келіп, жер бетіндегі тіршілік ояғанда әйел адамдар да құлпыра түседі және бүкіл адамзат оларға ерекше құрмет көрсетеді.

«Әйел адам – гүлмен тең» - деп жырлағанда данышпан Абай әйел затының бойындағы нәзіктікті, сезімге ерік бере алатын еркіндікті мензеп айтқан.

Бірақ нәзік әйелдің бойында әлемге ықпал ете алатын алып күш бар. Өйткені ол – ана, бір қолымен бесікті тербетсе, екінші қолымен әлемді тербетеді. Өмірге саналы ұрпақ әкеліп, оған дұрыс тәрбие беру арқылы қоғамды алға жылжытады.

Өзінің даналығымен, ақылдылығымен елдің анасына айналып тарихта аты қалған аналарымыз қаншама?!

Қазақ қаламгерлері әдебиет әлемінде замандастарына үлгі боларлық әйел образдарын сомдап қалдырды.

Қазақ әңгіме жанрының хас шебері, жазушы Бейімбет Майлиннің «Шұғаның белгісі» хикаяты қазақ әдебиетінің асыл қазынасы.

Ажары адамды естен тандыратындай сұлу, ақыл мен парасаты келіскен, мінезі биязы, салмақты әрі ұстамды Шұға сол замандағы қазақ қыздарының эталоны.



Шұға мен Әбдірахманның арасында махаббат сезімі тұтанады. Қос ғашықтың ынтызар сезіміне бөгет болатын адамдар да табылады. Байдың қызын алуға мүмкіндік бермейтін әлеуметтік жағдай да қолға байлау болады. Жалған жала жауып абақтыға қамалған ғашығының күйінен Шұға құсалықпен ауырады.

Қазақ әдебиетінің негізін қалаушылардың бірі, жазушы Жүсіпбек Аймауытовтың «Ақбілек» романы өмірден алынған шынайы оқиғалар негізінде шебер жазылған көркем туынды.





Ақбілек сүйгеніне қосыла алмаған шерменде жан. Тағдыр тәлкегіне ұшырап, қиындық көрсе де өмірден күдер үзген жоқ. Елдің өсегіне де, жанды жеген жүрек жарасына да қарамай алға ұмтылуын тоқтатпады. Оның да бақытты болуға құқы бар ғой...

Жүсіпбек Аймауытов ұстаздық қызметін атқара жүріп, «Ақбілек» романын 2,5 айдың ішінде жазып шыққан.

«Ақбілек» – адамның өмірі мен күрделі тағдыры туралы бейнелі жазылған психологиялық роман.

**5 -9 Ақпан аралығына жоспарланған  
«Тіл –бірлігім, тіл –қуатым, тіл -  
рухым» атты**

*қазақ тілі мен әдебиеті пәндері апталығының  
ашылуы*





## **«Тіл –бірлігім, тіл –қуатым, тіл -рухым»**

### **тақырыбындағы қазақ тілі мен әдебиеті пәні апталығының ашылуы**

➤ **Мақсаты:** қазақ тілі мен әдебиетінің мол мұрасымен кеңінен таныстыру, тілдің мемлекеттік мәртебесін қалыптастыру. Қазақ тілінің қолданылу аясын кеңейтуге үлес қосу. Қазақ халқының әдебиетін негізге ала отырып, көркем әдеби шығармалардағы кейіпкерлердің игі істерін насихаттау арқылы елжандылыққа, адамгершілікке, бауырмалдыққа тәрбиелеу. Тілін, елін сүйе білуге үйрету.

Іс-шара басы **«Қазақ ұлттық»** биімен ашылады.

**Жүргізуші:**

Жанымды жадыратқан бала тілім,

Жыр, ертект жаттаттырған сана тілім,

Жаралып жермен бірге, күн көзімен,

Жасасқан қазақ тілі – ана тілім.

Армысыздар, құрметті ұстаздар және оқушылар! Бүгінгі **«Мәңгілік ел – мәртебелі тіл»** атты қазақ тілі мен әдебиеті пәндері апталығына қош келдіңіздер.

**Жүргізуші:** Халқымыздың кемеңгер жазушысы Ғ.Мүсірепов атамыз: «Ана тілін ұмытқан адам өз халқының өткенінен де, болашағынан да қол үзеді. Ана тілін өгей ұлдар ғана менсінбейді» деген, олай болса, қазақ тілін жете білу арқылы біздер өнер мен білімнің, мәдениет пен ғылымның биігіне жетіп, өз халқымыздың өткен-кеткенін зерделеп, оны әлемге таныта аламыз. Өз тілімізді құрметтеу арқылы басқа тілді де үйреніп, мәдениетін қадірлей аламыз.

Биылғы жылы қазақ әдебиетінің алып тұлғалары Төле би 360 жыл, Бұқар жырау Қалқаманұлы 355 жыл, Махамбет Өтемісұлы 220 жыл, Шәкәрім Құдайбердіұлы 165 жыл, Сәкен Сейфуллин 130 жыл, Мағжан Жұмабаев 130 жыл, Ғафу Қайырбеков 95 жыл, Оралхан Бөкей 80 жылдығы аталып өтілуде. Олай болса ұлы тұлғалардың жырларын жаттап, асыл мұрасын бойына сіңірген шәкірттерімізді ортаға шақырамыз.

**КӨРІНІС** (мектеп оқушылары әдебиет асылдары- Абай Құнанбайұлы, Ыбырай Алтынсарин, Ахмет Байтұрсынова, Мұхтар Шаханов сынды ұлы тұлғалардың образына еніп сахналық қойылым орындайды).

**Жүргізуші:** Құрметті ұстаздар, оқушылар. Бүгіннен бастап мектебімізде «*Тіл – бірлігім, тіл – қуатым, тіл – рухым*» атты қазақ тілі мен әдебиеті пәндері апталығы өтетінін хабарлаймыз. Апталық жоспары бойынша

6- ақпан күні «**Мектеп- театр**» жобасы аясында ақиық ақын Б.Сокпақбаевтың 100 жылдығына орай «Менің атым Қожа» повесінің желісі бойынша сахналық қойылым көре аласыздар.

7-ақпан күні «**Оқуға құштар мектеп**» жобасы аясында «Ақбілек», «Бақытсы Жамал», «Шұғаның белгісі» романдарындағы қазақ әйелінің тағдыры бойынша оқырмандар конференциясы өтеді.

8- ақпан күні «**Әр өлеңі – бір әлем**» тақырыбында мұғалімдер арасында сайыс өтеді.

9-ақпан күні «Мұқағали жырлары мәңгілік» тақырыбында 5-11 сынып оқушылары арасында Мұқағали Жырларын мәнерлеп оқу сайысы өтетінін хабарлаймыз.

**Жүргізуші:** Олай болса мен де саған Сұлтанмахмұт Торайғыровтың әдемі өлең жолдарын оқып берейін:

Сүйемін туған тілді – анам тілін,

Бесікте жатқанымда-ақ берген білім.

Шыр етіп жерге түскен минутымнан

Құлағыма сіңірген таныс үнім.

Ең бірінші сол тілмен сыртқа шықты,

Сүйгенім, сүйсінгенім, жек көргенім.

**ХОР: « Қазақ ұстазы»**

**Орындайтын: Мектеп оқушылары**

**Жүргізуші:** Тіл-қасиетті, құдіретті, киелі. Бұл қасиеттер бойға ананың ақ сүтімен дариды. Тіл өшпейді, қандай қиындықта да тіл өз ұрпағының қанына, жанына өз ұрығын егіп, өміршен күй кеше береді.

Туған тілім – тірлігімнің айғағы,



Тілім барда айтылар сыр ойдағы.

Өссе тілім мен де бірге өсемін,

Өшсе тілім мен де бірге өшемін.

Кіршіксіз қардай сақтаңдар,

Қазақтың тілін ғаламат.

Анатіл – арым, иманым,

Аманат, саған, аманат.

Апталық аясында ұйымдастырылған іс-шараларға бәріміз белсене ат салысайық. Көріскенше күн жақсы , аспанымыз ашық болсын! Сау болыңыздар!

## Анықтама

Құттықтаймыз! «Бес асық» спорт түрінен Ұлттық мектеп лигасының аймақтық кезеңінде А тобы бойынша 5-6 сынып оқушылары арасында өткізілген жарысында №39 «Қызылөзек» орта мектеп командасы 2 орын иеленіп, Қызылорда қаласы бойынша білім бөлімінің дипломымен марапатталды. Жетекшісі: Абиешев Дамеш



Тәрбие ісі жөніндегі орынбасар:  С.Қоқыбасов



## Анықтама

ҚР Оқу - ағарту министрлігінің РҚББОӘО Алғыс айту күніне арналған "АЛТЫН ЖҮРЕК" Республикалық чөлөнджін ,«МЕКТЕП ПАРЛАМЕНТІ» қабылдап, келесі мектептерге жолдады.

[https://m.facebook.com/story.php?story\\_fbid=pfbid05wzvuk99rLraeBaCFXXYcKQmtxoYMe8G8wnvCB5ivVBXEXCj4LRxvCi6WA4BW6Kcl&id=100044570716415&sfnsn=mo&mibextid=RUbZ1f](https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=pfbid05wzvuk99rLraeBaCFXXYcKQmtxoYMe8G8wnvCB5ivVBXEXCj4LRxvCi6WA4BW6Kcl&id=100044570716415&sfnsn=mo&mibextid=RUbZ1f)



Мектеп тәлімгері

Б.Ержанова

## Анықтама

№39 «Қызылөзек» орта мектебінің «Алғыс күні» мерекесіне арналған іс-шаралар жоспарына сәйкес «Қайырымды істер марафоны» акциясы ұйымдастырылды.

Акция барысында ұстаздар, мектеп ардагерлеріне алғыстары мен сыйлықтарын ұсынып, құттықтауларын жеткізді.

[https://m.facebook.com/story.php?story\\_fbid=pfbid035NGghpQrwftJa5HXZmBBj65Wu1QpMNe8KVEd7h3iGvpxRfhYRzdGUo27uFafg1Bbl&id=100044570716415&mibextid=Nif5oz](https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=pfbid035NGghpQrwftJa5HXZmBBj65Wu1QpMNe8KVEd7h3iGvpxRfhYRzdGUo27uFafg1Bbl&id=100044570716415&mibextid=Nif5oz)





## Анықтама

№39 «Қызылөзек» орта мектеп кітапханасы мен №10 «Қызылөзек» ауылдық кітапханасы біріге отырып «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында оқушыларға кітапханаға келіп түскен Ник Вуйчичтің «Өмірде шектеу жоқ» кітабы таныстырылды. Осы кітаптың авторы, әрі кейіпкері Ник Вуйчичтің майдайына ғажап тағдыр, өмірге қол аяқсыз келген бейкүнә сәбидің тағдырына алаңдаған ата-анасының көңіл күйі және өз өмірі үшін күресе білген ғаламат қажыр-қайрат иесінің сәулелі бақытқа ұмтылған шынайы бейнеленгені туралы жазылған. Кітап Никтің бастан кешкендері мен жеке тәжірбиесі еш бүкпесіз баяндалған. Кітап көпшілік оқырманға арналған. Кітап оқыңыздар, Рухани бай болыңыздар.



Тәрбие ісі жөніндегі орынбасар:

С. Қоқыбасов



## Анықтама

Бүгін, яғни 10 қаңтар 2023 жылы №39 "Қызылөзек" орта мектебінде "Бала тәрбиесінде қатты талаптар қою мен баланың болашағы үшін шешім қабылдау керек" тақырыбында пікірсайыс (дебат) болып өтті.

Пікірсайыс мақсаты :

- -Оқушылардың пікірін жеткізуге үйрете отырып, бәсекеге қабілеттілігін арттыру;
- -Жастардың зияткерлік және шығармашылық қабілеттерін дамыту;
- -Сыни ойлауды дамыта отырып, көшбасшылық қасиеттерін жетілдіру;

Сайыс АПФ форматы бойынша өткізілді. Сайысқа 2 фракция қатысты. "Тұғыр" фракциясының лидері Қуаныш Ақжанат, спикері Таңатарова Айымжан ;

"Аманат" фракциясының лидері Исабек Айзере , спикері Маратқызы Мерей сайысқа жақсы белсенділік танытып, жақсы пікірлер айта білді.Сайыс нәтижесі бойынша өз дәлелдерімен білімділіктерін көрсетіп, жақсы ойын көрсете білген "Аманат" тобы жеңіске жетті. Ойынның Үздік спикері болып 8-сынып Исабек Айзере танылды.



Тәрбие ісі жөніндегі орынбасар:

С.Қоқыбасов



## Анықтама

14 ақпан күні А.Ә.ж Т.Д. пәні мұғалімі С.Айтбаев пен мектеп тәлімгері Б.Ержанованың ұйымдастыруымен "Ұрпаққа үлгі болған ерлік" атты Ауған соғысының ардагерлерімен кездесу өтті.

Мақсаты: Ауған соғысындағы ағаларымыздың ерлігін кейінгі ұрпаққа үлгі ете отырып ,жастарды Отан сүйгіштікке ,ерлікке баулу ,ардагерлерге құрмет көрсету . Кеш қонақтары Сыздықов Қ, Жорықбаев Б, Рахатов А өз сөздерінде ерлікке толы ашық әңгіме айтып оқушыларды патриоттық рухқа толы мағлұматтармен таныстырды .Өз кезегінде оқушыларда қайсар ағалардың ерлігін үлгі тұтты. Іс - шарада оқушылар ән жырмен сусындатып сыйлықтарын табыс етті.



Мектеп тәлімгері

*dpml*

Ержанова Б



**«Ұрпаққа үлгі болған ерлік»** атты мерекелік кездесу

**Өтетін орны:** мектеп акт залы

**Өтетін күні:** 14.02.2023 ж

**Сценарий мақсаты:** Ауған соғысындағы ағаларымыздың ерлігін кейінгі ұрпаққа үлгі ете отырып, жастарды Отан сүйгіштікке, ерлікке баулу, ардагерлерге құрмет көрсету.

**Көрнекілігі:** Проектор, экран, компьютер, слайдтар

**Сценарий түрі:** кіріктірілген – интеллектуалды тәрбие іс – шарасы (сыр - сұхбат, түсіндіру)

**Жоспары:**

I. Мерекелік кездесудің ашылуы

II. Қонақтарды таныстыру

III. «Ауған ақиқаты». Ауғанстан соғысы тарихына қысқаша мәлімет

IV. «Ардагермен сұхбат»

V. Әдеби-музыкалық монтаж

VI. Қорытынды.

**Барысы:**

**Жүргізуші:** Қайырлы күн Құрметті қонақтар, аяулы ұстаздар, оқушылар! 15-ақпан Ауған жерінен Кеңес әскерінің шығарылғанына 34-жылдығына байланысты ардагер ағаларымыздың құрметіне арналған **«Ұрпаққа үлгі болған ерлік»** атты мерекелік кешімізге қош келдіңіздер!

Бүгінгі кешімізді ашып беру үшін сөз кезегін мектеп директоры Байжанов Жасұлан ағайға беріледі.

Кездесу кешіне арнайы шақырылған Ауған соғысына өзіміздің қаламыздан және ауылымыздан қатысқан ардагер ағаларымызды қошеметтеп ортаға шақырамыз.

1. Сыздықов Қуанышбек ағай

2. Жорықбаев Батырхан ағамыз

3. Рахатов А

Соғыс-зұлымдық. Жазықсыз төгілген — қан. Заман өзгереді, дәуірлер ауысады. Екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі қазақстандықтар тартылған. Біздің арыс азаматтар бастан кешкен ірі әскери қақтығыс-Ауған соғысы болатын. Бұл қанды қырғын 1979-1989 жылдар аралығында аттай он жылға созылды. 1989 жылы, ақпан айының 15-де талай аналарды перзеттерден айырған, мыңдаған жерлес бауырларымыз қаза тапқан қасіретті де, қайғылы да «Ауған соғысы» аяқталды. Жылдар өткенімен жауынгерлеріміздің өшпес ерлігі ел есінде сақталуда. Бүгінде «Ауған соғысы» қажет пе еді??? деген сұрақтар көп қойылған кезде, біз жастар, еліміздің сол соғысқа қатысқан ұлдарын Отан алдындағы борыштарын адал атқарған азаматтар деп құрмет тұтамыз.



Ауған соғысында қаза тапқан батыр ағаларымызды орнымыздан тұрып 1 минут үнсіздікпен еске алуыңызды сұраймыз. Рахмет отырыңыздар! *1 минут үнсіздікпен еске алу*

## **Ауған Соғысына арналған видео роликке назар аударайық**

**Ән**

**Жүргізуші:** Сол сұрапыл соғыста жанған отқа түсіп, от кешкен ер азаматтарымыз ешқашан ұмытылмайды. Ауған соғысында мерт болған ерлердің рухына, елге аман оралған, бүгін арамызда асқар таудай болып жүрген ағаларымызға мың тағзым!

Құрметті ардагер ағалар. Ортамызда сіздермен кездесуге зор ықыласпен келіп отырған Қазақстан жерін қорғайтын азаматтар арттарыңыздан ерген ұрпақтарыңыз, болашақ жауынгерлер отыр. Сол балаларға Ауған соғысы кезінде бастан кешкен оқиғаларыңыз жайлы қысқаша әңгімелеп берсеңіздер.

**Ардагер ағаларымызға ойландырып жүрген сұрақтарыңыз болса қоюларыңызға болады. ( оқушылар сұрақтар қояды)**

**7 сынып би**

Өтер жылдар, айлар тағы алыстап

Тағдыр талай тауқыметін табыстар.

Өздерінді жырлап өтер ұрпағың

Ауғандағы азап шеккен арыстар — деп акын жырлағандай, өмір тоқтамайды, ерлік өлмейді, замандарға жалғаса береді. Бұған дәлел бүгінгі ортамызда жүрген ауғандық жауынгерлеріміз, бейбіт өмірдегі жарқын істері, қоғамдық жұмыстарға белсенділіктері, түрлі кәсіпті игерудегі ерен еңбектері ұмтылмақ емес.

**ӘН :«**

**»**

**Жүргізуші:** Бүгінгі кездесу кешіне келген қонақтарға үлкен алғыстарымызды білдіреміз. Уақыттарыңызды бөліп келгендеріңізге рахмет! Өткеніміз ұмытылмайды. Бүгініміз бейбіт күн, Ертеңіміз жарқын болсын, бейбіт өмірдің ақ таңында көріскенше күн нұрлы болсын құрметті ардагерлер! №39 «Қызылөзек» орта мектеп оқушыларынан естелік ретінде шағын сыйлықтарымызды қабыл алыңыздар.

**Сау болыңыздар!**